

М.С. ИСКАКОВА,¹
докторант.
Қазақ инновациялық
гуманитарлық-заң университеті¹

ШАҒЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Андатпа

Әлемдік тәжірибе дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде шағын кәсіпкерлік ұлттық экономиканың дамуына, әлеуметтік мәселелерді шешуге және жұмыспен қамтылғандар санының артуына айтарлықтай әсер ететіндігін айқын дәлелдейді. Шағын кәсіпкерлік ел экономикасының қалпына келуіне қолайлы жағдай туғызады: бәсекелестік дамиды, тауарлар, жұмыстар, қызметтер сапасы өседі, жаңа жұмыс орындары пайда болады, құрылымдық түзету жүргізіледі, экономиканың инновациялық секторы қалыптасады, адамдардың шығармашылық қабілеттері тиімдірек пайдаланылады және т.б. Қазақстан Республикасындағы жеке кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік саясат жоғары технологиялық өндірістер құруға бағытталған, шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы орта буынды қалыптастыруға негіз болады. Осы мақсатқа жету үшін, Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру кезеңдерінің бірі ретінде кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамыту мәселесін шешу болып отыр. Мемлекет, шағын кәсіпкерліктің өсіп-өркендеуіне мүмкіндік беретін құқықтық және экономикалық ахуал құруы керек. Қазақстан экономикасын дамытудың маңызды бағыты – өндірістің әр түрлі салаларына және қоғамды басқару саласына жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнімдердің түрлерін енгізуге негізделген инновация және бұл бағытта Қазақстан қазірдің өзінде нәтижелерге қол жеткізді. Шағын кәсіпкерлік объективті түрде жергілікті, аймақтық, ұлттық масштабтағы экономиканың арнайы секторы ретінде дамуы үшін оны мемлекет тарапынан қолдаудың кешенді шаралары ұсынылған. Мемлекеттік қолдау шараларының негізгі мақсаты – нарықтық экономиканың маңызды элементтерінің бірі ретінде шағын кәсіпкерліктің дамуын қамтамасыз ету. Осы стратегияны іске асыру аясында мемлекеттік қолдау заңнамалық деңгейде бекітілген.

Тірек сөздер: шағын бизнес, қаржы, табыс, әлеумет, өндіріс, инвестициялар, бәсекелестік, кәсіпкерлік.

Шағын бизнес әлемнің барлық индустриалды дамыған елдерінің әл-ауқаты мен әлеуметтік тұрақтылығының материалдық негізін қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Шағын кәсіпкерлікті дамыту ғылыми-техникалық үдерістің жетістіктерін пайдалана отырып, ел экономикасын бәсекеге қабілетті экономикаға айналдыру үшін үлкен маңызға ие. Өркениетті елдер экономикасында шағын кәсіпкерлікке үлкен мән беріледі, олар шағын бизнесті дамытумен қатар мемлекеттің экономикалық дамуына негіз болатын орта буынды қалыптастырады.

Қазіргі мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және саяси күшінің кілті жоғары технологияларда болып отыр. Мәселе технологияларды нарыққа енгізу, тұтынушыларға сапалы өнімдер мен қызметтерді тез өткізу қабілетінде. Ішкі және сыртқы нарықтардағы өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуде шағын бизнестің рөлі ерекше.

Шағын бизнес инновацияның маңызды субъектісі бола отырып, техникалық дамыған салаларда өндірісті дамытуға айтарлықтай үлес қоса алады. Шағын ұйымдардың инновациялық қызметі бүкіл экономиканы білім жағынан құрылымдық өзгерістерге әкеледі. Шағын бизнес инновацияның негізгі қайнар көзі, жаңа шешімдердің генераторы болып табылады және оның болуы экономиканың инновациялық дамуының алғышарттарын қалыптастырады.

Инновациялық кәсіпкерлік – сұраныс жаңа қалыптасып жатқан қажеттіліктерді қанағаттандырып, пайда табу үшін түбегейлі жаңа тәсілдерді, шикізаттарды, идеяларды, өнімдерді пайдаланатын бизнес.

Шағын бизнес инновациялық сипатта болуы үшін, оған мынадай ерекшеліктер ықпал етеді:

- ◆ тез өзгеретін жағдайларға икемділік, ұтқырлық және бейімделу, сонымен қатар инновациялық көшбасшы;
- ◆ экономикалық және экономикалық емес факторлар бойынша инновациялық белсенділікті арттыру;
- ◆ қызметтегі шығармашылық мамандандыру;
- ◆ көптеген жоғары білікті кадрлар;

- ♦ мүмкін болатын максималды нәтижеге жетуге көңіл бөлу;
- ♦ тәуекелдерді қабылдау мүмкіндігі;
- ♦ жоғары еңбек өнімділігі және өндіріс шығындарының аздығы.

Шағын кәсіпкерлік өндіріс пен ғылымның арасындағы байланыстырушы буын рөлін атқарып, жаңа өнімге, материалдар мен технологияларға деген сұранысты ғылыми қоғамдастыққа жеткізуі керек. Шағын инновациялық бизнес ғылымның қолданбалы зерттеулері мен әзірлемелерін пайдаланып, ғылыми ұйымдардың қызметін коммерциялық нәтижеге алып келеді.


Шағын бизнес кәсіпкерлік белсенділіктің серпінді дамуын қамтамасыз ететін маңызды фактор, сонымен қатар инновациялық экономиканың қалыптасуы мен дамуының басты негізі болып табылады.

Мемлекеттік инновациялық саясат елдің әлеуметтік-экономикалық саясатының ажырамас бөлігі бола отырып, инновацияны дамытуға және ынталандыруға бағытталады.

Бүгінгі таңда инновациялық бизнес белсенді ұйымдасқан мемлекеттік қолдауды қажет етеді. Мемлекеттің инновациялық саясатының маңызды мақсаттарына еліміздің халықаралық инновациялық нарыққа қатысуын кеңейту, мемлекеттің өз қаражатына жасалған зияткерлік меншігіне құқығын қорғау және ғылыми нәтижелерді коммерцияландырудан түскен салық түсімдерін арттыру кіреді.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау – шағын бизнес сегментін құруға, дамытуға және тұрақтандыруға бағытталған шаралар кешені. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау дегеніміз – белгілі бір мақсаттарға қаражат бөлу ғана емес, сонымен қатар бизнесті ұйымдастыру мен үйлестіру бойынша көмек түрлері. Мемлекет қабылдаған шаралардың мақсаты – кәсіпкерлік үшін неғұрлым қолайлы құқықтық және экономикалық жағдай жасау, кәсіпорындардың қызметі үшін тұрақты орта қалыптастыру, бәсекелес ортаны қорғау, меншік құқығы мен экономикалық шешімдер бостандығын қамтамасыз ету [1].

Шағын инновациялық кәсіпкерлікті қолдаудың бастапқы базасын қалыптастыру күрделі және ұзақ үдеріс. Ғылыми-техникалық салада нарықтық қатынастарды қалыптастырудың мемлекеттік саясатын жүргізудің негізгі міндеттері шағын инновациялық кәсіпкерліктің инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру, қаржылық ресурстарды тарту арқылы бәсекелестікті дамыту және оларды жоғары технологиялық өнімді жасау бағдарламалары мен жобаларын іске асыру үшін мақсатты және тиімді пайдалану болып табылады. Шағын инновациялық кәсіпорындарға қатысты мемлекеттің экономикалық саясаты жергілікті және аймақтық деңгейлерде, ғылыми негізделген консалтинг, оқыту, сүйемелдеу, ақпараттық даму инфрақұрылымы болмаса тиімді болмайды.



Сурет 1 – Кәсіпкерлікті қолдау бағыттары

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау әдістерін ұтымды пайдалану мемлекеттік экономикалық саясатты іске асыру барысында маңызды құрал болып табылады. Мемлекеттік қолдау экономиканың дамуы, өндірісті тұрақтандыру және тиімді экономикалық құрылым қалыптастыру үшін керек. Қазақстан экономикасының индустриалды-инновациялық дамуы жағдайында оның ерекшеліктерін ескере отырып, шағын және орта бизнесті дамытуды мемлекеттік қолдау мәселелерін зерделеу қажеттілігі туындайды.


Соңғы 10 жыл ішінде мемлекет кәсіпкерлікті дамытуға үлкен мән берді, кәсіпкерлікті қолдаудың арнайы бағдарламалары жасалып, жүзеге асырылуда. Кластерлік-желілік тәсілге негізделген шағын және орта бизнесті дамытудың экономикалық моделін құру шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың жаңа стратегиясына және мемлекет пен бизнес арасындағы қатынастардың жаңа идеологиясына көшуді білдіреді.

2016 жылы 1 қаңтарда толықтырылып, күшіне енген Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңы бизнеске көмек көрсетуді реттейтін нормативтік ортаны қалыптастыруға негіз болды. Бүгінгі таңда мемлекеттік қолдау келесі бағыттар бойынша көрсетіледі:

- ◆ бизнес өкілдерін дамыту мен оқыту үшін нормативтік-құқықтық база құру;
- ◆ шағын кәсіпкерлік мамандарын дайындау үдерісін ұйымдастыру;
- ◆ бизнес кеңістігінде әлеуметтік қауіпсіздікті қалыптастыру және қамтамасыз ету;
- ◆ ақпараттық, қаржылық және басқа ресурстарды пайдалану үшін кәсіпкерлер үшін жеңілдіктер жасау;
- ◆ сала өкілдерін сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру бағдарламаларына қосу.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясында шағын және орта бизнесті дамыту экономиканың басты басымдықтарының бірі болып табылады. Мемлекеттік қолдау шараларының негізгі мақсаты – нарықтық экономиканың маңызды элементтерінің бірі ретінде шағын кәсіпкерліктің дамуын қамтамасыз ету. Осы стратегияны іске асыру аясында мемлекеттік қолдау заңнамалық деңгейде бекітілген.

Қазақстан үшін инновациялық және индустриалды даму жағдайында шағын кәсіпкерлікті дамыту өзекті болып табылады.



Сурет 2 – Шағын инновациялық кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы

Үкіметтің шағын инновациялық кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымын кешенді дамыту бойынша саясаты шағын инновациялық кәсіпкерлік үшін ең қолайлы құқықтық және экономикалық жағдай жасау, олардың қызметіне қажетті бәсекелестік ортаны қорғау, меншік құқығы мен экономикалық шешімдердің негізділігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстандағы шағын кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік қолдау келесі негізгі шараларды қамтиды:

- ◆ бизнестің қалыптасуы, жұмыс істеуі және дамуы кезеңдеріндегі мемлекеттің қатысы және қолдауы;
- ◆ шағын кәсіпкерліктің дамуын қаржылық қолдау;
- ◆ ақпараттық-сараптамалық көмек;
- ◆ кәсіпкерлердің білімі мен тәжірибесін арттыру саласындағы қолдау;
- ◆ материалдық-техникалық қолдау.

Кәсіпкерліктің құрылуы, жұмыс істеуі және дамуына мемлекеттік қолдау мен көмек кәсіпкерлік инфрақұрылымын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ұйымдар арқылы жүргізіледі [2].

Шағын кәсіпорындар жан-жақты мемлекеттік қолдауды қажет етеді, өйткені олар нарықтың ауытқуына қатты тәуелді тұрақсыз құрылымдар болып табылады. Елімізде мемлекеттік қолдаудың және осы саладағы кәсіпорындардың мүдделерін қорғаудың түрлі ұйымдық нысандары бар.

Қазақстан Республикасының «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» 2006 жылғы Заңына сәйкес шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- ♦ шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік тіркеудің, олардың қызметіне лицензия берудің жеңілдетілген тәртібін белгілеу;
- ♦ жеңілдетілген салық режимі мен кедендік баждарды төлеуді қамтитын шағын кәсіпкерлік үшін қолайлы құқықтық режимді құру;
- ♦ шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту үшін инвестицияларды, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тарту және пайдалану жүйесін құру;
- ♦ шағын кәсіпкерліктің сыртқы экономикалық қызметін қолдау, оның ішінде шетелдік серіктестермен сауда, ғылыми, техникалық, өндірістік және басқа да байланыстарды дамыту;
- ♦ қаржы көздерін анықтай отырып, шағын кәсіпкерлікті несиелеудің арнайы бағдарламаларын қабылдау;
- ♦ тауарлар өндіруге, жұмыстарды орындауға, қызметтерге мемлекеттік сатып алуды орналастыру кезінде шағын кәсіпкерлікке преференциялар беру;
- ♦ Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссиялардың және жергілікті атқарушы органдардың қызметін ұйымдастыру;
- ♦ мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне тексеру жүргізеді.

Қазақстан Республикасындағы шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау көптеген шараларды қамтиды. Жалпы алғанда, бұл шағын кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға, оны қаржылық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, ақпараттық-талдамалық көмек пен кәсіпкерлерді оқытуға бағытталған.

Қазіргі кезде шағын және орта бизнестің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету механизмін, ең алдымен, шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдауды күшейту керек. Ол үшін ең алдымен:

- ♦ тұжырымдаманы қалыптастыру, басымдықтарды таңдау және экономикадағы шағын бизнестің рөлін негіздеу;
- ♦ экономикадағы шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын әзірлеу;
- ♦ шағын кәсіпкерлікті реттеуді және дамытуды жетілдіру;
- ♦ инвестициялар саласындағы заңнаманы жетілдіру және елде қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру;
- ♦ шағын бизнеске салық салуды жетілдіру;
- ♦ несиелік-қаржылық тетіктерді дамыту және шағын бизнесті дамытуға бағытталған жаңа қаржылық технологияларды енгізу;
- ♦ мемлекеттің шағын бизнесті дамытуды қаржыландыруға тікелей және жанама қатысуын жандандыру.

Мемлекеттен басқа, мемлекеттік компаниялар да шағын бизнесті қолдаумен айналысады. Олар қаржылық қолдау, ақпараттық және сараптамалық көмек көрсетеді, мемлекеттік саясатты қалыптастыруға ықпал етеді, кәсіпкерлерді оқытады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдайтын мемлекеттік компаниялар кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру міндеттерінен басқа, кәсіпкерлікті қаржылық, ақпараттық, талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету функцияларын орындайды. Барлық қолдау нысандарын мемлекеттік атқарушы органдар арқылы жергілікті және аумақтық деңгейлерде қабылданған түрлі бағдарламалардың көмегімен, сондай-ақ мемлекет қаржысының қатысуымен арнайы құрылған ұйымдардың қатысуымен жүзеге асырады:

- ♦ «Инжиниринг және технология трансферті орталығы» акционерлік қоғамы (АҚ). Орталықтың негізгі мақсаты – мемлекеттің инновациялық дамуының ажырамас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасындағы бәсекеге қабілетті технологиялық нарықты қалыптастыру және жүйелеу;
- ♦ «Kaznex» экспорты дамыту және жылжыту корпорациясы» АҚ Үкіметке мемлекеттік саясатты қалыптастыру, оның ішінде кәсіпкерлікті дамыту саласында ақпараттық-талдамалық қолдау көрсетеді;

- ♦ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ – шағын және орта бизнестің, сонымен қатар қаржылық және консалтингтік қызметтердің интеграторы және операторы ретінде Қазақстанның микроқаржы ұйымдарының сапалы дамуына ықпал ету;

- ♦ «Ұлттық инновациялық қор» АҚ инвестицияларды тарту және жобаларды қаржыландыру жолымен инновациялық кәсіпкерлік бастамаларға қаржылық қолдау көрсетеді;

- ♦ «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ – заманауи және алдыңғы қатарлы технологияларды қолдана отырып, шикізатты терең өңдейтін кәсіпорындардың жарғылық капиталын инвестициялау арқылы қаржылық қолдау;

- ♦ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ – қаржылық қолдау.

Технопарктер, бизнес-инкубаторлар, өндірістік аймақтар – кәсіпкерліктің қалыптасуы мен даму сатысында материалдық-техникалық қамтамасыз етіп, қызмет көрсету [3].

Шағын кәсіпкерлікті қолдау қорлары шағын бизнесті қаржыландыру бойынша келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- ♦ 77 шағын бизнеске жеңілдетілген несиелер, пайызсыз несиелер, банктік лицензиясыз қысқа мерзімді несиелер беру;

- ♦ қолданыстағы заңнамаға сәйкес бәсекелестікті дамыту және тауар нарығын толтыру мақсатында монополиясыздандыру, өндірісті қайта құру бағдарламаларын іске асырған кезде өтеуге болатын және ақысыз негізде қаржылық көмек көрсету;

- ♦ шағын кәсіпорындардың міндеттемелері бойынша кепіл беруші, кепілгер, функцияларын орындау;

- ♦ нарықтық инфрақұрылымның, мамандандырылған консалтингтік ұйымдардың және шағын бизнесті қолдау мен бәсекелестікті дамытудың, тұтынушылық сараптама жүйелерінің және тауарлар мен қызметтер сертификациясының дамуын қамтамасыз ететін кәсіпкерлік субъектілерді құру және олардың қызметіне қатысу;

- ♦ тұтынушылардың құқығын қорғайтын, жаңа экономикалық құрылымдарды қолдайтын, шағын кәсіпорындар үшін кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі шараларды қаржыландыру;

- ♦ ғылыми зерттеулерді, ғылыми-тәжірибелік конференцияларды, симпозиумдарды, кездесулерді, соның ішінде қорлардың қызметіне қатысты халықаралық конференцияларды қаржыландыру.

Қазақстандағы шағын кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі мемлекеттік бағдарламаларына мыналар кіреді:

- ♦ «Бизнестің жол картасы–2020» бағдарламасы экономиканың шикізаттық емес секторларында жергілікті кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін құруға, жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру арқылы жұмыссыздықпен күресуге, шағын бизнес, соның ішінде топ-менеджерлерді шетелде оқытуға бағытталған;

- ♦ «Өнімділік–2020» бағдарламасы, негізгі бағыты экономиканың басым секторларындағы кәсіпорындарды еңбек өнімділігін арттыруға ынталандыру болып табылады;

- ♦ «Даму Өндіріс» өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау бағдарламасы;

- ♦ «Даму Оптима» кепілдік беру бағдарламасы;

- ♦ «Жұмыспен қамту–2020» бағдарламасы жұмыспен қамту мәселелерін шешуге бағытталған, әсіресе микрокредиттер мен кәсіпкерлерді оқыту арқылы ауылдағы бизнесті дамытуға жәрдемдесу.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2023 жылдарға арналған» бағдарламасы.

Кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру тетіктерін жетілдіру, бизнесті дамыту мәселелерін зерделеу ұлттық экономиканың жұмыс істеуі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңызды рөл атқарады, өйткені қазіргі жағдайда экономиканың тұрақты дамуы көбінесе бизнестің даму деңгейіне байланысты болады. Мемлекеттік бағдарламаларда экономиканы әртараптандыруды және бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ететін оның шикізат емес секторларын жедел дамыту көзделіп отыр. Инвестициялық жобаларды іске асырумен қатар, шағын және орта кәсіпорындардың экспортқа бағдарлануын дамыту, заманауи өндірістер құру мемлекеттік бағдарламаның басымдығы болып табылады. Қалыптасқан жағ-

дайда мемлекет пен бизнестің әріптестігі негізінде кәсіпкерлікті қаржылай және қаржылай емес қолдап, экономиканың экспортқа бағдарланған шикізаттық емес секторларын дамытуды ынталандыруға бағытталған саясатын қайта қарау талап етіледі.

Шағын және орта кәсіпкерлік халық шаруашылығын дамытуға, әлеуметтік проблемаларды шешуге, жұмыспен қамтылған қызметкерлер санын ұлғайтуға айтарлықтай әсер етеді. Қазақстандағы шағын бизнес елеулі қиындықтарды бастан кешуде, оларды мемлекеттік қолдау шараларын күшейту арқылы және жаңаларын енгізу арқылы шешуге болады: заңнаманы жетілдіру, шағын кәсіпкерлікті дамытудың аймақтық бағдарламаларының тиімділігін арттыру, әкімшілік кедергілерді жою, салықтық жүктемені азайту, әкімшілік рәсімдерді жеңілдету және жеңілдетілген несие алу.

Тұтастай алғанда елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету шағын кәсіпкерліктің жағдайы мен даму деңгейіне байланысты. Дамымаған бәсекелестік, материалдық және материалдық емес ресурстарды тиімсіз пайдалану, ішкі сұраныстың импортқа тәуелділігі, жұмыссыздық, кедейлік және т.б. сияқты мемлекеттің экономикалық өсуіне әсер ететін көптеген мәселелерді шешудің үлкен мүмкіндігі бар.

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, экономиканың осы секторының жағдайын және мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектің тиімділігін талдау, шағын бизнес субъектілерінің қаржылық, материалдық-техникалық, ақпараттық ресурстарды жеңілдікпен пайдалануын қадағалау, сондай-ақ ғылыми техникалық әзірлемелер мен технологиялардың туындауы шағын инновациялық кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы мен дамуын көрсетеді.

Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік саясат, сондай-ақ елдегі тұрақты саяси жағдай, кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар мемлекет экономикасының деңгейін, сондай-ақ тұтастай алғанда халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға оң әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің жай – күйі туралы ұлттық баяндама: https://atameken.kz/uploads/contentNEW_НАЦДОКЛАД_2019 (дата обращения: 20.12.2019).
- 2 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 29 қазан 2015 ж. № 375.
- 3 Структуры поддержки предпринимательства: <https://damu.kz/poleznaya-informatsiya/kak-vesti-biznes/struktury-podderzhki-predprinimatelstva.php> (дата обращения: 12.12.2019).

Аннотация

Мировой опыт показывает, что в странах с развитой рыночной экономикой малое предпринимательство оказывает существенное влияние на развитие национальной экономики, решение социальных проблем и увеличение числа рабочих. Малый бизнес создает благоприятные условия для восстановления экономики страны: развивается конкуренция, повышается качество товаров, работ и услуг, создаются новые рабочие места, осуществляются структурные преобразования, формируется инновационный сектор экономики, более эффективно используются творческие способности людей и т.д. Государственная политика в области частного предпринимательства в Республике Казахстан направлена на создание высокотехнологичных производств, которые станут основой формирования среднего класса за счет развития малого бизнеса. Для этого одним из этапов реализации Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан является решение проблемы развития инфраструктуры бизнеса. Государство должно создать правовую и экономическую среду, которая будет способствовать развитию малого бизнеса. Важным направлением развития экономики Казахстана являются инновации, основанные на внедрении новых идей, научных знаний, технологий и видов продукции в различных сферах производства и управления обществом, и в данное время в этом отношении Казахстан достиг существенных результатов. Для поддержки малого бизнеса как особого сектора экономики на местном, региональном и национальном уровнях государством был предложен комплекс мер по поддержке малого бизнеса. Основной целью мер государственной поддержки является обеспечение развития малого бизнеса как одного из важных элементов рыночной экономики. В рамках этой стратегии государственная поддержка оказывается на законодательном уровне.

Ключевые слова: малый бизнес, финансы, доходы, общество, производство, инвестиции, конкуренция, предпринимательство.

Abstract

World experience shows that in countries with developed market economies, small business has a significant impact on the development of the national economy, solving social problems and increasing the number of workers. Small business creates favorable conditions for the country economic recovery: competition develops, structural transformations are carried out, the innovative sector of the economy is formed, etc. State policy in the field of private entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan is aimed at creating high-tech industries, which will become the basis for the formation of the middle class through the development of small business. Stages of implementation Strategy of industrial and innovative development of the Republic of Kazakhstan addresses the problem of developing the infrastructure of business. The state should create a legal and economic environment that will not only support the development of small businesses. Innovations based on the introduction of new ideas, scientific knowledge, technologies and products in various areas of production and management of society are an important direction of development of the economy of Kazakhstan, and at this time Kazakhstan has achieved significant results in this regard. To support small business as a special sector of the economy at the local, regional and national levels, the government proposed a set of measures to support small businesses. The main goal of government support measures is to ensure the development of small business as one of the important elements of a market economy. As part of this strategy, government support is provided at the legislative level.

Key words: small business, finance, income, society, production, investment, competition, entrepreneurship.